Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

M660

M665




# Қысқаша жұмысты бастау нұсқаулығы

PHILIPS

# Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Ескерту

- Электр желісі қауіпті деп жіктеледі. Зарядтағышты тоқтатудың жалғыз жолы — электр сымын ток көзінен ажырату. Ток көзіне оңай әрдайым қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.
- Өнімді пайдаланбас бұрын қауіпсіздік ақпаратын қараңыз.
- Бұл өнім еуропалық R&TTE 1999/5/EC директивасына сәйкес келеді.
- Пайдаланушы нұсқауларында берілген ток көзін ғана пайдаланыңыз.
- Пайдаланушы нұсқауларындағы тізімде берілген батареяларды ғана пайдаланыңыз.
- Өнімді сұйық заттарға тигізбеңіз.
- Басқа түрдегі батареямен ауыстырылғанда, жарылу қаупі болады.
- Батареяларды нұсқауларға сәйкес қоқысқа тастаңыз.
- Тұтқа шырылдағанда немесе спикерфон мүмкіндігі қосылғанда, құлағыңызға зиян келтірмеу үшін тұтқаны құлағыңыздан алыс ұстаңыз.

# 1 Шолу

## Телефон арқылы сөйлесу кезінде

- MENU OK Опциялар мәзіріне кіру.
- REDIAL C Дыбыстық профильді өзгерту.
- Дыбыс деңгейін реттеу.
- Қайта шақыру (желіге байланысты).
- Қоңырауларды аяқтау.
- #a/A Кідіріс енгізу (басып тұру).
- Динамикті қосу/өшіру.
- Микрофонды өшіру/қосу.

## Мәзірде

- MENU OK Растау / Таңдау / Опциялар мәзіріне кіру.
- REDIAL C Бас тарту / артқа
- Жоғары / төмен
- Мәзірден шығу.

## Күту режимі

- MENU OK Негізгі мәзірге кіру.
- REDIAL C Қайта теру тізіміне қол жеткізу.
- Телефон кітапшасы
- Қоңыраулар журналы
- Қоңырау шалу және қабылдау.
- Тұтқаны қосу немесе өшіру (басып тұру).
- *INT Ішкі байланыс қоңырауын шалу (басып тұру).
- 0 Пернетақтаны құлыптау/құлпын ашу (басып тұру).
- Динамик арқылы қоңырау шалу және қабылдау.
- M665 үлгісі үшін: Жауап беру құрылғысынан жаңа хабарды тыңдау үшін басыңыз. / Жауап беру құрылғысы мәзірін ашу.

## Мәтін енгізу кезінде

- REDIAL C Мәтінді жою.
- 0 Бос орын енгізу.
- #a/A Бас/кіші әріпке ауысу (басып тұру).




## Белгішелерді көрсету

- Ол телефон тұтқасы мен базалық станция арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын сигнал сапасы да жақсырақ болады.
- Кіріс қоңырауын қоңыраулар журналынан қараған кезде белгіше қалыпты күйіне оралады.
- Ол қайта теру тізіміндегі шығыс қоңырауларды шолғанда тұрақты түрде қосулы болып қалады.
- Жаңа жауап берілмеген қоңырау келгенде немесе жаңа жауап берілмеген қоңырауларды қарағанда ол жыпылықтайды. Қоңыраулар журналынан оқылып қойған қоңырауларды қарағанда ол өзгеріссіз қалады.
- Қоңыраулар журналындағы блокталған қоңырауларды шолғанда ол тұрақты түрде қосулы болады.
- Кіріс қоңырауын алу кезінде жыпылықтайды. Қоңырауды алған кезде, белгіше қалыпты күйіне оралады.
- Дабыл іске қосылды.
- Дыбыссыз режим қойылды, бірақ қосулы кезден тыс жерде.
- Дауыс зорайтқыш қосылып тұр.
- Қоңырау дыбысы өшіп тұр. Дыбыссыз режим орнатылды және белсенді кезенде (телефон шырылдамайды).
- M665 үлгісі үшін: Автожауапбергіш: жаңа хабар болғанда немесе жад толы болғанда ол жыпылықтайды. Ол телефонға авто жауап беру аппараты қосылған кезде көрсетіледі.
- Дауысты хабарлар индикаторы: жаңа хабарлар келгенде жыпылықтайды, оқылған хабарлар үшін өзгермейді. * Бұл желіге байланысты.
- Ол дыбыс деңгейін реттегенде көрсетіледі.
- ECO ECO режимі белсенді.
- ECO+ ECO+ режимі белсенді.

# 2 Жалғау







Тек көп тұтқалы нұсқалар үшін.

# 3 Жұмысты бастау

## Телефонның параметрлерін реттеу

1 Батареялар телефонда алдын ала орнатылады. Зарядтау алдында батарея есігінен батарея таспасын тартыңыз.
2 Телефонды бірінші рет пайдаланғанда, сәлемдесу хабарын көресіз (елге байланысты).
3 Нұсқау берілгенде ел мен тілді орнатыңыз.
4 Күн мен уақытты орнатыңыз.



### Ескертпе

- Базаның сағаты тұтқа сағатымен автоматты түрде синхрондалады.

## Телефонды зарядтау




8 сағат зарядтаңыз

Кез келген бағытта бекітіп, тұтқаны зарядтаңыз.

> 70%

40% - 70%

10% - 40%

Жыпылықтау: батарея заряды аз

# 4 Рақаттаныңыз

## Телефон кітапшасы

### Жазба қосу

1 MENU OK түймесін басыңыз.
2 **[Телеф. книга]** > **[Доб. новый]** тармағын таңдаңыз.
3 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Телефон кітапшасынан қоңырау шалу

1 түймесін басыңыз.
2 Жазба таңдап, түймесін басыңыз.
3 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Тікелей кіретін жадтар

2 тікелей қол жеткізілетін жад жасауға болады (1 және 2 пернелері). Сақталған телефон нөмірін автоматты түрде теру үшін күту режимінде пернелерді басып тұрыңыз.
Еліңізге байланысты 1 және 2 пернелері үшін сәйкесінше дауыстық пошта нөмірі мен қызмет провайдерінің ақпараттық қызмет нөмірі алдын ала орнатылады (желіге байланысты).

## Қоңыраулар журналы

### Қоңыраулар журналынан қоңырау шалу

1 түймесін басыңыз.
2 Жазба таңдап, түймесін басыңыз.

### Жазбаны көру

> MENU OK > **[Показать]** түймесін басыңыз.

### Жазбаны сақтау

1 > MENU OK > **[Сохр. номер]** түймесін басыңыз.
2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Жазбаны жою

1 > MENU OK > **[Удалить]** түймесін басыңыз.
2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Қайта теру тізімі

### Қайта теру тізімінен қоңырау шалу

1 REDIAL C түймесін басыңыз.
2 Жазба таңдап, түймесін басыңыз.

### Жазбаны сақтау

1 REDIAL C > MENU OK > MENU OK > **[Сохр. номер]** түймесін басыңыз.
2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Жазбаны жою

1 REDIAL C > MENU OK > MENU OK > **[Удалить]** түймесін басыңыз.
2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Автожауап құралы (тек M665 үшін)

### Хабарландыруды жазып алу

1 MENU OK > **[Автоответчик]** > **[Приветствие]** түймесін басыңыз.
2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Кіріс хабарларды тыңдау

1 MENU OK түймесін басыңыз.
2 **[Автоответчик]** > **[Воспр.]** опциясын таңдап, растау үшін MENU OK түймесін басыңыз.

### Кіріс хабарды жою

1 Хабарды тыңдағанда, опциялар мәзіріне кіру үшін MENU OK түймесін басыңыз.
2 **[Удалить]** опциясын таңдап, растау үшін MENU OK түймесін басыңыз.

## Қосымша тұтқаларды тіркеу

Базалық станцияға қосымша тұтқалар тіркеуге болады.
1 MENU OK түймесін басыңыз.
2 **[Службы]** > **[Регистр.]** опциясын таңдап, растау үшін MENU OK түймесін басыңыз.
3 Базалық станциядағы түймесін 5 секунд басып тұрыңыз.
4 Жүйе PIN/рұқсат кодын (0000) енгізіңіз.
5 PIN/рұқсат кодын растау үшін MENU OK түймесін басыңыз.
↪ Тіркеу 2 минутқа жетпей аяқталады.

## Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру

Телефонның бастапқы зауыттық параметрлерін қалпына келтіруге болады.
1 MENU OK түймесін басыңыз.
2 **[Службы]** > **[Сброс]** опциясын таңдап, растау үшін MENU OK түймесін басыңыз.
3 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Есте сақтаңыз

- Мына процедура арқылы бастапқы PIN/рұқсат кодын қалпына келтіруге болады.

# 5 Қосымша мәліметтер

## Дыбыссыз режим
Телефон шырылдамайтын уақытты қояды.
**[Настр. телеф.]** > **[Сигналы]** > **[Беззвучный]**

## MySound
Дауыстар дыбысын қалауыңыз қарай бейімдейді.
**[Настр. телеф.]** > **[Сигналы]** > **[MySound]**

## ECO/ECO+ режимі
Тасымалдау қуаты мен радиацияны азайтады (2 секундқа кешігіп шырылдайды, күту режимі 50%-ға қысқарады).
**[Настр. телеф.]** > **[Режим ECO]**/ **[Режим ECO+]**

## Қоңырауға тыйым салу
Таңдалған нөмірлерге қажетсіз кезде қоңырау шалуға жол бермейді.
**[Службы]** > **[Запрет вызова]**

## Қара тізім
Белгілі бір қажетсіз нөмірлерге кіріс қоңырауларын құрсаулайды.
**[Службы]** > **[Черный список]**

# Техникалық деректер

**Батарея**

Philips: 2 x AAA NiMH 1,2 В зарядталатын 550 мА-сағ батареясы

Тек жинақпен берілген батареяларды пайдаланыңыз.

| **Адаптер** | Базалық станция | Зарядтағыш |
|---|---|---|
| Тепрао: | S003EV06000302 | S003GV0600050 |
| Кіріс: | 100-240 В~<br>50/60 Гц 200 мА | 100-240 В~<br>50/60 Гц 150 мА |
| Шығыс: | (i)6 В 300 мА<br>(ii)6 В 200 мА | 6 В 500 мА |

100 жазбасы бар телефон кітапшасы

50 жазбасы бар қоңыраулар журналы

Сөйлесу уақыты: 16 сағат

Күту режимі: 250 сағат

## Есте сақтаңыз

- DSL кедергісінен болатын шуыл мен қоңырау шалушы идентификаторының ақауларына жол бермеу үшін DSL (сандық абонент желісі) сүзгісін орнатуға болады.
- Сәйкестік декларациясын www.p4c.philips.com бетінен қарауға болады.

# ? Жиі қойылатын сұрақтар

**Экранда сигнал жолағы көрсетілмейді.**

- Тұтқа ауқымнан тыс. Оны базалық станцияға жақындатыңыз.
- Тұтқада **[Зарегистрир. трубку]** сөзі көрінсе, тұтқаны тіркеңіз. («Қосымша тұтқаларды тіркеу» тарауындағы бөлімді қараңыз).

**Егер қосымша тұтқаларды базалық станциямен жұптай (тіркей) алмасам, не істеймін?**

Базаның жады толы. Пайдаланылмайтын тұтқаларды ажырату үшін MENU OK > **[Службы]** > **[Отм. регистр.]** опциясына кіріп, қайталап көріңіз.

**Мен қателесіп оқи алмайтын тілді таңдадым, не істеймін?**

**1** Күту режиміне оралу үшін түймесін басыңыз.
**2** Негізгі мәзір экранына өту үшін MENU OK түймесін басыңыз.
**3** Төмендегі опциялар экранда пайда болады:

| |
|---|
| **[Настр. телеф.]** > **[Язык]** |
| **[Phone setup]** > **[Language]** |
| **[Налаштув. тел.]** > **[Мова]** |
| **[Tel. nustat.]** > **[Kalba]** |
| **[Telef. seadis.]** > **[Keel]** |
| **[Tālr. iestat.]** > **[Valoda]** |

**4** Тіл опцияларына қол жеткізу үшін оларды таңдаңыз.
**5** Өз тіліңізді таңдаңыз.

**Менің тұтқам іздеуде, не істеймін?**

- Базалық станцияда қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Тұтқаны базалық станцияға тіркеңіз.
- Тұтқаны базалық станцияға жақындатыңыз.

**Дауыстық поштамның параметрлерін өзгерте алмаймын, не істеймін?**

Дауысты пошта қызметі телефоннан емес, қызмет көрсетуші провайдеріңіздің тарапынан көрсетіледі. Параметрлерді өзгерту үшін қызмет көрсетуші провайдеріңізге хабарласыңыз.

**Дисплей ашылмайды**

- Батареялардың зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Ток көзіне және телефонға қосылғанына көз жеткізіңіз.

**Зарядтағыштағы тұтқа зарядталмайды.**

- Батареялардың дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- Тұтқаның зарядтағышқа дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Блокқа қою дыбыс параметрінің қосылғанына көз жеткізіңіз. Тұтқа зарядтағышқа дұрыс қойылғанда, блокқа қою дыбысын естуге болады.
- Зарядтау байланыстары кірлеген. Алдымен ток көзінен ажыратып, байланыстарын дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- Батареялар зақымдалған. Сипаттамалары бір жаңаларын сатып алыңыз.

**Нашар дыбыс (сықырлау, жаңғырық, т.б.)**

- Тұтқа ауқымнан тыс сияқты. Оны базалық станцияға жақындатыңыз.
- Телефонға жақын тұрған электр құрылғыларынан кедергі келіп тұр. Базалық станцияны олардан алыс қойыңыз.
- Телефон қабырғалары қалың жерде тұр. Базаны олардан алыс қойыңыз.

**Тұтқа шырылдамайды.**

Тұтқаның қоңырау үнінің қосылғанына көз жеткізіңіз.

**Қоңырау шалушының идентификаторы көрсетілмейді.**

- Қызмет іске қосылмаған. Қызмет көрсетуші провайдерден тексеріңіз.
- Қоңырау шалушы ақпараты ұстаулы немесе қол жетімді емес.




www.philips.com/support

Пайдаланушы нұсқаулығына онлайн қол жеткізу үшін негізгі станцияның астыңғы жағындағы өнім жапсырмасында жазылған үлгі нөмірін пайдаланыңыз.

Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасына сәйкес келетінін білдіреді.

2015 © Gibson Innovations Limited.
Барлық құқықтары қорғалған.

РБұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және Koninklijke Philips N.V. лицензиясынасәйкес пайдаланылады.

CE 0168

UMS_M660/665
51_KK_V4.0
WK15261